

Шығыс Қазақстан облысы





1932 жылы 10 наурызда құрылған
1997 жылғы 23 мамырдағы № 3528 Қазақстан Республикасы
Президентінің Жарлығымен облыс құрамына таратылған Семей
облысының территориясы қосылды



Облыс орталығы - Өскемен (1720 жылы негізі қаланған)

Жер аумағы - 283 300 км²

халқының саны (2006) - 1 430 000 адам;



Әкімшілік-аумақтық құрылысы

Ауылдық аудан - 15

Қала – 10

Қалалық маңыздылығы бар қала – 5

Облыстық маңыздылығы бар қала - 5

Кент - 24

Ауыл - 826



Шығыс Қазақстан облысының аудандары

Абай ауданы (Шығыс Қазақстан облысы)

Аягөз ауданы

Бесқарағай ауданы

Бородулиха ауданы

Глубокое ауданы

Жарма ауданы

Зайсан ауданы

Зырян ауданы

Катон-Қарағай ауданы

Көкпекті ауданы

Күршім ауданы

Тарбағатай ауданы

Ұлан ауданы

Үржар ауданы

Шемонаиха ауданы



Халқы

Облыста Қазақстан халқының 9,4%-ы шоғырланған.

59,4%-ы қалалық жерлерде

40,6%-ы ауылдық жерлерде

Адамдардың саны

Өскемен - 288,0 мың

Семей - 277,0 мың

Риддер - 52,0 мың

Зырянов - 40,1 мың


Аягөз - 36,6 мың

Зайсан - 15,2 мың

Шемонаиха - 16,1 мың

Шар - 7,5 мың

Курчатов - 10,1 мың





Ұлттық құрамы

қазақтар - 49 % астам

орыстар - 44% астам

басқа ұлттар - шамамен 5,5%



Білім беретін мекемелер
834 мектептер
39 кәсіптік-техникалық мектептер
43 колледждер
10 жоғары оқу орны





Медицина

Шығыс Қазақстан облысында халықты емдеумен 1600 дәрігер, 11560 орта білімді медициналық қызметкерлер айналысады. Әр 10 мың адамға шаққанда тиісінше 38,8 дәрігер және 80,8 медициналық қызметкерден келеді, бұл орта республикалық көрсеткіштен біршама жоғары. Медициналық мекемелері:

106 аурухана

414 амбулатория мен емханалар



Мәдениет

Шығыс Қазақстан облыстық орыс драма театры (Өскемен)

• Драма театрлары:

- Шығыс Қазақстан облыстық орыс драма театры (Өскемен)
- Шығыс Қазақстан облыстық орыс драма театры (Семей)

• 276,7 мыңға жуық экспонаты бар 11 мұражайлар:

- ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың музейі
- Облыстық этнографиялық музей
- Семей қаласындағы Невзоровтар отбасы атындағы бейнелеу өнерінің облыстық музейі
- Облыстық тарихи өлкетану-музейі
- Шығыс Қазақстан көркемөнер музейі





Шығыс Қазақстан облысында темір, автомобиль, су және әуе жолы қатынастары дамыған. 2005 ж. облыс бойынша:
автомобиль жолының ұзындығы 11830 км
темір жолдың ұзындығы 1203 км
су жолының ұзындығы 1084 км болды.



Тамақ өнеркәсібі

Шығыс Қазақстан облысында тамақ өнеркәсібі саласы да жақсы дамыған. Оның құрамында “Семей ет комбинаты” АҚ, “Шемазат” ЖШС (Риддер ет комб.), “Эмиль” ЖШС, “Шығыс-сүт” корпорациясы жұмыс істейді. 2005 ж. бұл сала (толықты):

Зайсан ауданы Қарабұлақ ауылындағы балық өңдейтін “Балық Продукт Восток”
Глубоков ауданындағы “Аргонавт ШҚ”

Зырянов ауданындағы картоп өңдейтін “Плюс”


Вафли өндіретін “Смик” ЖШС-і

Шұжық бұйымдарын өндіретін “Хорс”

Аягөз қаласында салынған мал соятын және ет өңдейтін “Рауан”


Қатонқарағай ауданындағы “Заготпромторг” ЖШС.





Электр энергетикалық кешені

Облыстың электр энергетикалық кешенінің құрамында Ертіс өзеніндегі Бұқтырма, Өскемен, Шұлбі СЭС-тері, Үлбі мен Громотуха өзендері бойындағы Риддер СЭС каскадтары, Өскемен, Риддер, Семей ЖЭС-тері, т. б. кәсіпорындар бар.



Жануарлар

Шығыс Қазақстан облысының жануарлар дүниесі өте бай. Алтай мен Сауырдың және Ертіс маңы ормандарында тиін, ақтышқан, кәмшат бар. Өскемен және Шұлбі бөгендерінде балықтың көптеген түрлері, оның ішінде стерлядь, таймень, хариус сияқты бағалы балықтар көптеп кездеседі.

